

КОРПОРАТИВТІК ТӨЛЕМ КАРТОЧКАЛАРЫН БЕРУ ЖӘНЕ ОЛАРҒА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ТУРАЛЫ ШАРТ

Осы Корпоративтік төлем карточкаларын шығару және қызмет көрсету туралы шартта (бұдан әрі – Шарт) «ForteBank» АҚ-да (бұдан әрі – Банк) корпоративтік төлем карточкаларын шығару және қызмет көрсетудің жалпы талаптары белгіленеді.

Осы Шарт бірігу шарты болып табылады және Банк белгіленген тәртіпте Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Клиенттің корпоративтік төлем карточкасын шығару туралы өтінішін (бұдан әрі – Өтініш) қабылдаған күннен бастап бекітілген болып есептеледі.

Клиент Өтінішке қол қоя отырып, (оның ішінде ЭЦҚ және қолданыстағы заңнамада¹) көзделген сәйкестендірудің өзге де тәсілдерімен) Банктің www.forte.kz ресми сайтында орналастырылған Шарттың талаптарын оқығанын, түсінгенін және олармен келіскенін растайды.

1. ОПРЕДЕЛЕНИЯ

1) 3D Secure-код – Карточка ұстаушыны интернет желісінде карточкалық операциялар жүргізуде сәйкестендіру үшін қолданылатын құпиясөз, ол төлем карточкалары үшін қауіпсіздіктің жоғары деңгейі ретінде қолданылады. 3-D Secure технологиясы корпоративтік карточка ұстаушыны интернет төлем жүргізу кезінде корпоративтік карточка ұстаушыға ғана белгілі қосымша құпиясөз арқылы сәйкестендіруге мүмкіндік береді

2) CVV2/CVC2 – ХТЖ Картасының түпнұсқалығын тексерудің үш санды коды.

3) IVR (ағыл. InteractiveVoiceResponse) — клиент тондық режимде телефонда енгізген ақпаратты пайдалана отырып Банк ішінде қоңырауларды маршруттау қызметін атқаратын алдын ала жазылған дауыстық хабарламалар жүйесі;

4) Карточканың күшін жою – карточканы жарамсыз деп тану, оны айналымнан алып тастау және магнитті жолағын/микроспроцессорын міндетті түрде бұза отырып, тігінен және көлденеңінен төртке бөлу;

5) Банктік шот – ол бойынша Карточканы немесе оның деректемелерін пайдалану арқылы жүзеге асырылған Карточкалық операциялары көрсетілетін, Шарттың мақсаттары үшін Клиенттің Банкте ашылған және Карточканы пайдалану арқылы жүзеге асырылған операциялар бойынша есеп айырысу үшін қолданылатын ағымдағы шоты.

6) Үзінді көшірме – Клиенттің Банктік шоты бойынша, нақты кезең ішінде Банктік шот бойынша жүргізілген операцияларды, соның ішінде төлемдерді, аударымдарды көрсететін және көрсетілген әрекеттердің жүзеге асырылуына жеткілікті дәлел болып табылатын, Банк жасайтын үзінді көшірме:

Ай сайынғы үзінді көшірме – Клиенттің Банктік шоты бойынша үзінді көшірме есептік күнтізбелік ай үшін ұсынылады. Ай сайындық үзінді көшірме Банктің қолданыстағы Тарифтеріне сәйкес Клиентке ұсынылады (бұндай комиссия қарастырылған жағдайда).

а) ай сайынғы үзінді көшірме – Клиенттің Банктік шоты бойынша үзінді көшірме есептік күнтізбелік ай үшін ұсынылады. Ай сайындық үзінді көшірме Банктің қолданыстағы Тарифтеріне сәйкес Клиентке ұсынылады (бұндай комиссия қарастырылған жағдайда).

б) архивтік үзінді көшірме – есептік айдың алдында өтіп кеткен кез келген күнтізбелік ай үшін берілетін үзінді көшірме. архивтік үзінді көшірме Банктің қолданыстағы Тарифтеріне сәйкес ұсынылады (бұндай комиссия қарастырылған жағдайда).

7) Карточка ұстаушысы – оның атына, ұсынылған корпоративтік төлем карточкасын шығаруға арналған өтініштің негізінде Карточка шығарылатын, Клиенттің уәкілетті қызметкері.

8) Е-ПИН – Клиенттің Банк банкоматы арқылы өзінің мобильді телефонына Банктен келген бір реттік SMS-кодты растаудан соң өз карточкасы бойынша өз бетінше ПИН-кодты орнатудан немесе IVR дауыстық мәзір арқылы ПИН-кодты орнатудан тұратын ПИН-кодты орнату технологиясы;

9) Өтініш – негізгі/ қосымша корпоративтік төлем карточкасын шығаруға өтініш.

10) Карточка – эмитент пен заңды тұлға-банктік шот иесі арасында бекітілген төлем карточкасын беру туралы шарт негізінде заңды тұлғаның уәкілетті өкіліне берілетін корпоративтік төлем карточкасы.

11) Карточкалық операциялар – төлемдер және(немесе) ақша аудару, қолма-қол ақша алу, валюта айырбастау және Карточканы немесе Карточка тіркелген карточкалық жүйедегі ағымдағы шотты немесе Карточканың деректемелерін (Карточка нөмірі, қолданылу мерзімі) пайдалану арқылы жүзеге асырылатын төлем карточкасын шығарушы белгілеген және оның талаптарындағы өзге операциялар.

12) Лимит – Карточка ұстаушысы оның шегінде Карточкалық операцияларды жүзеге асыруға құқылы ең жоғары сома.

13) Халықаралық төлем жүйелері (бұдан әрі мәтін бойынша ХТЖ) – Халықаралық мәртебесі бар төлем карточкалары арқылы тауарлар мен қызметтер үшін қолма-қол ақшасыз төлем жүйесі; Халықаралық төлем жүйесі қызмет ету ережесін белгілейді және халықаралық төлем жүйесі мүшелері арасында сәйкес айырбастау валютасымен төлем карточкалары арқылы жүргізілген операциялар бойынша есеп айырысуды жүзеге асырады.

14) Дербестелмеген карточка – Банк карточка ұстаушының сәйкестендіру деректерін (тегі мен атын) жазбай, оған нөмір мен қолданылу мерзімін бере отырып шығаратын, клиентке Банкке карточка алу үшін жүгінген күні берілетін VisaInstant/MasterCardUnembossed карточкасы;

15) Жиі жүргізілеті төлемдер – белгіленген күні және (немесе) кезеңде ақша жөнелтушінің тұрақты өкіміне сәйкес оның атынан бір немесе бірнеше бенефициардың пайдасына бұл тапсымада көрсетілген талаптар мен деректемелерге сәйкес орындалатын төлемдер және (немесе) ақша аударымдары;

¹ Қашықтан қол жеткізу жүйелері арқылы корпоративтік төлем карточкаларын шығару кезінде

16) Карточка деректемелері – картчканы ұстаушыны, Банкті және төлем жүйесін сәйкестендіруге мүмкіндік беретін картчкадағы және/немесе онда сақтаулы ақпарат;

17)) Техникалық овердрафт – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген банктік қарыз белгілеріне келмейтін және айырбастау операцияларын жүргізу кезінде бағамдық айырмашылықты төлеу есебінен туындауы мүмкін Клиенттің шоттағы ақшасының қалдығынан жоғары жұмсалған ақша сомасы.

18) Тарифтер – Банктің, ол көрсететін кез келген банктік қызметтер мен операциялар үшін өндіріліп алынатын сыйақылар мен комиссиялардың көлемдерін, сондай-ақ Банктің барлық Филиалдарындағы/Бөлімдеріндегі көпшілікке қолжетімді орындарында және Банктің www.forte.bank ресми сайтында орналастыру арқылы Клиенттің назарына жеткізілетін, Банктің біржақты тәртіпте оларды енгізу жағдайында, жоғарыда көрсетілген параметрлердің өзгерістері күшіне енген күн жөніндегі ақпаратты анықтайтын Банк тарифтерін білдіреді.

Шарт мәтінінде қолданылатын басқа да арнайы терминдер мен анықтамалар Қазақстан Республикасы заңнамасында және ХТЖ ережелерінде бекітілген мағынада қолданылады.

2. ШАРТТЫҢ МӘНІ

2.1. Шарт Клиентке банктік қызмет көрсетудің талаптары мен тәртібін: Банктік шотты(-тарды) ашудың және оған(-ларға) қызмет көрсетудің, Карточка ұстаушысына(-ларына) Карточканы(-ларды) шығарып берудің талаптары мен тәртібін реттейді.

2.2. Карточка Клиенттің банктік шотындағы қолжетімді ақша шегінде Карточкалық операцияларды жүзеге асыру үшін пайдаланылады.

2.3. Карточканың әрекет ету мерзімі онда көрсетілген ай мен жылдың соңғы күніне дейін белгіленеді.

2.4. Банк, Банк белгілеген тәртіпте берілген Карточка шығаруға арналған өтініштің негізінде, Карточка ұстаушысына оның аты-жөні көрсетілген дербестелген Карточканы береді.

2.5. Банк Клиентке жеке сәйкестендіру кодын бере отырып, Банктік шотты(-тарды) ашады және ол шотқа Карточканы(-ларды) шығарады.

2.6. Клиенттің Банктік шоттарға енгізген ақшасы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын ескере отырып, Карточкалық операцияларды жабу үшін дебеттеледі (есептен шығарылады).

2.7. Карточканы пайдалану, Клиенттің, Карточка ұстаушысының және Банктің құқықтары, міндеттері және жауапкершіліктері Қазақстан Республикасының заңнамасымен, ҚР Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерімен, ХТЖ ережелерімен, Шартпен реттеледі.

2.8. Банктің осы Шарттың қолданыс мерзімі барысында бойынша көрсететін төлемдік қызметтерінің ең ұзақ мерзімі Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған мерзімдерге сай келеді.

2.9. Осы Шарт болып табылмайтын Банк пен Клиент арасында бұрын бекітілген Шарт негізінде Клиент Карточканы қайта шығаратын болса, Клиент тиісті жазбаша өтінішінің негізінде осы Шарт бұрын бекітілген Шарттың орнын ауыстыратындығымен және осы Шарт талаптары Карточканы бастапқы шығарған күннен бастап туындаған Тараптардың қарым-қатынасына қолданылатындығымен келіседі.

2.10. Шарт шегінде Банк Клиенттің/Карточка ұстаушының өтініші бойынша бір немесе бірнеше қосымша картчка шығаруы мүмкін.

2.11 Клиент төлем картчкасын пайдалана отырып, үшінші тұлғаның пайдасына ақша аударуды жүзеге асырғанға дейін келесі мәселелер туралы хабардар етілуі тиіс:

- 1) үшінші тұлғалардың алаяқтық әрекеттерімен байланысты ықтимал тәуекелдер туралы;
- 2) үшінші тұлғалардың, оның ішінде өздерін мемлекеттік, құқық қорғау органдарының немесе банктердің қызметкерімін деп таныстырған тұлғалардың ықпалымен (өтініші бойынша) ақша аударуды жүзеге асыруға байланысты тәуекелдер туралы;
- 3) операцияның күшін жою және ақшаны қайтару ақша алушының бастамасы (шешімі бойынша) не сот шешімі бойынша ғана мүмкін екендігі туралы.

3. БАНКТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІҢ ТАЛАПТАРЫ

3.1. Клиент өтініштің және осы Шарттың талаптарына сәйкес:

1) Банк Банктік шотты(-тарды) ашу және Карточканы (-ларды) шығару/қайта шығару үшін қажетті деп анықтаған құжаттар пакетін Банкке ұсынады;

2) Банктік шоттарды ашу және Карточкаларды шығару үшін қажетті құжаттарды ұсыну, оларды өз бетінде іске қосу құқығынсыз, оларлы одан әрі бұндай төлем картчкаларын қолдануға уәкілетті тиісті Карточка ұстаушыларға немесе Клиенттің өзіне беру үшін Банктен дайындалған Карточкаларды алу үшін Клиент атынан барлық заңды маңызды әрекетті жүзеге асыруға уәкілетті жауапты қызметкерлерді анықтайды;

3) Банкке Банктік шоттарға есептеу үшін ақша аударады;

3.2. Банк Клиент ұсынған қажетті құжаттар пакетінің негізінде:

1) Банктік шотты(-тарды) ашады және осы Шартта белгіленген мерзімдерде Клиенттің қызметкерлеріне Карточкалардың шығарылып берілуін жүргізеді;

2) Банктік шоттарға келіп түскен ақша сомаларын Клиенттің пайдасына есептеуді жүргізеді;

3) ай сайын, Клиенттің сұрауы бойынша Клиенттің уәкілетті қызметкеріне үзінді көшірмелерді немесе клиенттің сұраған басқа түрінде ұсынады.

4) Шартқа, Қазақстан Республикасының заңнамасына және Банктің ішкі ережелеріне сәйкес шоттың және картчканың банктік қызмет көрсетілуін қамтамасыз етеді.

3.3. Карточка Банк меншігі болып табылады және Клиентке/Карточка ұстаушыға Карточканың қолданылу мерзіміне Шоттағы ақшаға қолжетімділік құралы ретінде ғана беріледі.

- 3.4. Карточка ол бойынша операциялар орындау үшін кімнің атына шығарылды сол тұлғамен ғана қолданылады.
- 3.5. Клиентке/Карточка ұстаушы осы Шарт талаптарын бұзған жағдайда Банк Шарт әрекетін уақытша тоқтатуға және/немесе тоқтатуға, осы Шарт шегінде Клиент Шоты бойынша шығарылған барлық Карточканы бұғаттауға құқылы.
- 3.6. Карточканы үшінші тұлғалардың қолдануына болмайды. Бұл талапты бұзу Карточканы алып алуға, Банктің бір жақты тәртіпте Шартты бұзуына және Клиенттің Банкке келтірілген барлық зардапты (шығынды) өтеуіне алып келеді.

4. ЕСЕП АЙЫРЫСУЛАРДЫ ЖҮРГІЗУ ТАЛАПТАРЫ

- 4.1. Клиенттің банктік шоттары ұлттық және/немесе шетел валютасында жүргізіледі.
- 4.2. Банктік шотты толықтыру Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес, Клиенттің банктік шоттарынан Банкте немесе өзге банктерде қолма-қол ақшасыз төлем жүргізу арқылы ғана жүргізіледі.
- 4.3. Клиенттің Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасын сақтауына бақылау жүргізу мақсатында, Банк Клиенттен осы шарттың талаптарына сәйкес, Банктік шоттан алынған ақшаның мақсатты пайдаланылуын растайтын қажетті құжаттардың ұсынылуын талап етуге құқылы.
- 4.4. Клиенттің қалауынша, оның жазбаша өтініші негізінде немесе Банктің Байланыс орталығына телефонмен хабарласу арқылы Карточка бойынша Банктік шоттағы ақшаның жұмсалымы лимиттері (төлем операциялар сомасына және/немесе Ұстаушыға қолма-қол ақшадай қолжетімді ақша сомасына тәуліктік лимиттер) өзгертіле алады.
- 4.5. Егер Карточкалық операция бір валютада жүзеге асырылған, ал Шот басқа валютада жүргізілетін болса, Шоттан ақша алу Карточкалық операция валютасы Банктік шот валютасына ауыстырылған соң жүзеге асырылады. Карточкалық операция валютасын Банктік шот валютасына ауыстыру ХТЖ қатысушылары арасында бекітілген шарттарға сәйкес жүргізіледі. Карточкалық операцияны Банктік шот валютасынан бөлек валютада жүзеге асырған жағдайда Банк Банктік шот бойынша соманы бұғаттайды (авторизация) және операция бойынша өзара есеп айырысуды орындау күні Банк белгілеген шетел валютасын айырбастау бағамын қолдана отырып көрсетуді жүзеге асырады.
- 4.6. Егер Карточкалық операция Қазақстан Республикасынан тыс жерде орындалса, онда Карточкалық операция ХТЖ ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады. ХТЖ арқылы, АҚШ долларынан/Еуродан бөлек валютада жасалған Карточкалық операцияның сомасы Банкпен осы Карточкалық операция бойынша есеп айырысу күні Банк және/немесе ХТЖ белгілеген бағам бойынша немесе Банк және/немесе ХТЖ белгілеген басқа тәртіпте АҚШ долларына/еуроға айырбасталады.
- 4.7. Қазақстан Республикасының аумағында Карточкалық операциялар Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында ғана жүзеге асырылады, Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда.
- 4.8. Банк клиент шотындағы карточкалық операция бойынша авторизация сомасын жүргізілген карточкалық операция бойынша растау құжаттарын алғанға дейін тиісті ХТЖ белгілеген мерзімге бұғаттауға құқылы, оны шоттан алғанға дейін немесе Банк авторизация сомасына төлем жүзеге асырылмағандығы жөнінде растаманы алғанға дейін. Бұл ретте шотта бұғатталған соманы Банк карточканы бұғаттау туралы өтінішті алғаннан кейін де ала алады.
- 4.9. Клиенттің/Карточканы ұстаушының наразылығы негізді болған жағдайда Банк жүргізілген зерттеу негізінде тиісті Карточкалық операцияны болдырмауы және Карточкалық операция сомасын кері қайтаруы мүмкін, егер ондай қайтаруы мүмкін болса. Наразылық негізді болған жағдайда ақша басқа Банктермен және халықаралық төлем жүйелерінің халықаралық Арбитражымен даулы транзакцияны толық реттеп аяқтаған соң Клиенттің шотына қайтарылады.
- 4.10. Клиент/Карточканы ұстаушы даулы транзакцияны халықаралық төлем жүйелерінің халықаралық Арбитражында қарастырғаны үшін комиссия төлеу бойынша жауапкершілік көтереді. Клиенттің/Карточканы ұстаушының наразылығы негізсіз болған жағдайда Арбитражды комиссияның қарастыру құны халықаралық төлем жүйелерінің белгіленген тарифтеріне сәйкес төленеді.
- 4.11. Карточка бойынша пікірталас жағдайы туындаған кезде Банк Клиенттің өтінішін Клиенттің Қазақстан Республикасының аумағында жүргізілген операциялар бойынша өтінішін алған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде қарастырады, сонымен қатар Карточканы Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде қолданған жағдайда, өтінішті алған күннен бастап 60 (алпыс) күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде қарастырады.
- 4.12. Даулы карточкалық операциялар бойынша арыздарды Банк карточкалық операция жасалған күннен 45 (қырық бес) күн кешіктірмей Клиенттің/Карта ұстаушының болған жағдайда дәлел құжаттарын (слиптер, чектер және т.б.) тіркеуімен қабылдайды. Олай болмаған жағдайда орындалған карточкалық операция расталған болып есептеледі. Банк арызды кері қайтаруы мүмкін.
- 4.13. Картаны Пин-конвертсіз шығарған жағдайда Пин-кодты карта ұстаушы Банк банкоматтарында, IVR жүйесінде өз бетінше орнатады.
- 4.14. Карточка ол бойынша карточка соның атына шығарылған тұлғаның ғана орындайтын операцияларына қолданыла алады. Бұл ретте Қосымша карточка ұстаушыға осы Шартта белгіленген Карточканы пайдалануға және операцияны орындауға қатысты барлық талап қолданылады.
- 4.15. Карточканы қайта шығару Карточканың мерзімі өткен/жоғалған/ұрланған/бұзылған, сонымен қатар Карточканы атына кір келтіру тәуекелі жоғары елдерде қолданған жағдайда, басқа себептермен Клиенттің/Карточканы ұстаушының бастамасымен клиенттің жазбаша өтінішінің негізінде орындалады.
- 4.16. Клиенттің/Карточканы ұстаушының бастамасымен Карточканы қайта шығару орындалмаған міндеттемелер, шот бойынша техникалық овердрафт болмаған жағдайда жүзеге асырылады.

5. БАНКТИҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

5.1. Банк мыналарға құқылы:

- 5.1.1. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және/немесе Банктің ішкі құжаттарында

қарастырылған жағдайларда және негіздер бойынша және/немесе банктік шотты ашу және төлем карточкасын шығару үшін қажетті құжаттар пакетін ұсынбаған жағдайда Банк банктік шотты ашудан және төлем карточкасын шығарудан бас тартады;

5.1.2. Клиенттің Шартқа қол қою арқылы банктік шоттарынан ақшаны алу туралы берген алдын ала келісімі негізінде, Клиенттің банктік шотынан, сондай-ақ Клиенттің Банкте ашылған кез келген өзге банктік шоттарынан Шартта қарастырылған жағдайларда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәсілдермен шартсыз және акцептісіз ақша шешіп алуға;

5.1.3. Клиент ұсынған Банктік шот бойынша жүргізілген операция жөніндегі наразылығын ХТЖ ережелерінде анықталған мерзімі өткеннен кейін қарастыруға қабылдамауға;

5.1.4. Банк Клиенттің қосымша келісімінсіз шоттан және/немесе Клиенттің Банкте ашылған кез келген банктік шоттарынан оларды тікелей дебеттеу арқылы келесілерді алады:

- а) Банк тарифтеріне сәйкес Банкке тиесілі сыйақыны;
- б) шотқа қате қабылданған (есептелген) немесе сәтті өткізілген операция кезінде шоттан шығарылмаған ақшаны;
- с) техникалық овердрафт жол берген соманы;
- д) Клиенттің Банк алдындағы басқа берешектерін.

5.1.5. Клиент өтініш берген күнінен бастап 3 (үш) күнтізбелік айдан астам мерзімде Карточканы Банктен алмаған жағдайда, Карточканы жойып, кейіннен заңнамада және Банктің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіпте Банктік шотты жабу.

5.1.6. ХТЖ-ден және/немесе Процессингтік орталықтан Карточкалық операцияның жүзеге асырылу дерегін растайтын құжаттарды алғанға дейін жүргізілген Карточкалық операция бойынша авторизация сомасына Банктік шоттағы ақшаны бұғаттауға.

5.1.7. Карточканы мынадай жағдайларда алып алуға:

- 1) Банкке Клиенттің осы Шартты бұзу туралы жазбаша өтініші келіп түскен жағдайда;
- 2) Клиент/Карточка ұстаушысы Шарттың талаптарын, Карточканы пайдалану ережелерін орындамаған және/немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда;
- 3) Карточка ұстаушысы Карточканы қолданудан бас тартса;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге жағдайларда.

5.1.8. Келесі жағдайларда операция жүргізуді тоқтата тұруға және/немесе оны өткізуден бас тартуға:

- 1) егер бұл операцияның/мәміленің немесе мәміле бойынша міндеттеменің бір тарабы (тараптары)
 - а) уәкілетті мемлекеттік органы жасайтын Терроризм мен экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалар тізіміне (бұдан әрі - Тізім) енгізілген ұйым немесе тұлға болып табылса;
 - б) Тізімге енгізілген ұйымның немесе тұлғаның меншігінде немесе бақылауында тікелей немесе жанама жатқан заңды тұлға;
 - в) Тізімге енгізілген ұйымның немесе тұлғаның атынан немесе оның нұсқауы бойынша әрекет ететін жеке немесе заңды тұлға;
 - г) егер операцияның/мәміленің немесе мәміле бойынша міндеттеменің бір тарабы/қатысушысы, халықаралық ұйым немесе шетел мемлекеті анықтаған ақшаны жылыстатудың және лаңкестікті қаржыландырудың едәуір тәуекелдері бар елде тіркелген/сол елде бар болып табылатын тұлға болса немесе бұл операцияны/мәмілені орындауға мұдай тұлға қатысса.
- 2) егер клиент жүзеге асыратын операцияларды зерттеу барысында, олардың қылмыстық жолмен алынған табыстарды заңдастыру (жылыстату) немесе лаңкестікті қаржыландыру мақсатында жүзеге асырылатындығы жөнінде күдік пайда болса;
- 3) Қазақстан Республикасының «Қылмыстық жолмен алынған табыстарды заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы әрекет туралы» Заңында белгіленген.

5.1.9. егер осы Шарт шеңберіндегі қандай да бір нұсқау немесе операция Банктің қалауы бойынша санкцияларды айналып өтуге бағытталған болса, Банк өзі үшін қандай да бір қолайсыз салдарсыз мұндай нұсқауды/операцияны орындаудан/жасаудан бас тартуға құқылы.

5.1.10. Осы Шартты бұзғанда/осы Шарт бойынша шотты жапқанда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кедергі келтіретін жағдайлар болмаған кезде, Банктік шотты жабу туралы өтінішке сәйкес Клиент қол қойған мезеттен бастап 32 (отыз екі) күнтізбелік күнге дейін Банктік шотты жабуға.

5.1.11. ХТЖ ережелеріне сәйкес даулы жағдайлар бойынша өтініштеді қарастырудан бас тартуға, Банктің эквайринг жүйесінде жүргізілген транзакцияларды қоспағанда;

5.1.12. Егер Банктік шотқа есептеу жүргізілген болса, Клиенттің төлем құжатын өңдеуді тоқтату туралы сұранымын қабылдамауға;

5.1.13. келесі жағдайларда карточканы бұғаттауға:

- 1) рұқсат етілмеген төлемдерді жүргізуге әкеп соғуы, карточка ұстаушысына залал келтіруі мүмкін мән-жайлар болса;
- 2) клиенттің банктік шотындағы ақша (барлығы немесе жеке) алаяқтық немесе өзге де заңсыз әрекеттердің нәтижесі болып табылады деген күдік болса және көрсетілген әрекеттер мен олардың зардаптарының алдын алу, клиенттің, Банктің немесе оның өзге де клиенттерінің ықтимал шығындарын қысқарту мақсатында клиентке, Банкке немесе оның өзге де клиенттеріне қатысты құқыққа қайшы іс-әрекеттер өз қалауы бойынша мерзімде іске асырылуы мүмкін өзге де жағдайларда;
- 3) Клиент Шарттың талаптарын, сондай-ақ ХТЖ талаптарын бұзған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Клиенттің Банктік шотындағы ақшаға оны кейіннен алып қоя отырып, тыйым салу немесе мүлікке иелік етуге уақытша шектеу қою, Клиенттің Банктік шоты бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру.

5.1.14. Осы Шарт бұзылған жағдайда, Банктік шоттағы ақша қалдығын өзінің кірісіне жатқызуға, егер қолданыстағы Тарифке сәйкес, Шартты бұзған күнге ақша қалдығының сомасы, Клиент көрсеткен Банктік шоттан немесе оларды Банкілік шотқа аудару жөніндегі қолма-қол ақшаны бергені үшін Банк қызметінің құнынан аспаса немесе оған тең болған жағдайда.

5.1.15. Келесі жағдайларда Банктік шот бойынша шығын операциялардың жүзеге асырылуын тоқтата тұруға:

- 1) Техникалық овердрафттың болуы;
- 2) Клиент Банкпен бекітілген Банктік қарыз шарты/Кредит желісін ашу (ұсыну) туралы келісім және/немесе қамтамасыз ету шарты(-тары) бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда.

5.1.16. Біржақты соттан тыс тәртіпте өзінің қалауы бойынша сыйақы мөлшерлемесін және/немесе Тарифтерді өзгертуге және/немесе толықтыруға, Банктің барлық филиалдарында/бөлімшелерінде және/немесе Банктің <http://www.forte.bank/> ресми Интернет-сайтында жаңа Тарифтерді, Қазақстан Республикасы заңнамасында және Шартта бір жақты тәртіпте өзгертуге тыйым салынған талаптарды қоспағанда, орналастыру арқылы, көрсетілген өзгертулер және/немесе толықтырулар күшіне енген сәтіндейін 10 (он) күнтізбелік күн бұрын бұл жөнінде Клиентті хабардар етуге.

5.1.17. Біржақты соттан тыс тәртіпте Шартқа өзгертулер/толықтырулар енгізуге құқылы, бұл туралы өзгертулердің өз күшіне енген мерзімге дейін 10 (он) күнтізбелік күн бұрын Банк филиалдарының операциялық залдарында, Банктің www.forte.bank ресми сайтында өзгертулерді/толықтыруларды орналастыру арқылы Клиентке алдын ала хабарлауға, Шарттың талаптарын біржақты өзгерту Қазақстан Республикасының заңнамасымен рұқсат етілмеген жағдайлардан басқа.

5.1.18. Қазақстан Республикасы заңнамасында қарастырылған тәртіпте және жағдайларда, сонымен қатар келесі жағдайларда біржақты тәртіпте орындаудан бас тартып, банктік шотты жауып, Шарттың әрекетін тоқтатуға:

1) Клиенттің таратылуы немесе қайта ұйымдастырылуы болған жағдайында, таратылу/қайта құрылу фактісін растайтын құжаттар болған кезде;

2) егер Банк операциялардың қылмыстық жолмен алынған табыстарды заңдастыру (жылыстату) мақсатында жүргізіледі де есептесе және/немесе операцияның бір тарабы (тараптары) Тізімге енгізілген ұйым немесе тұлға болып табылса;

3) егер операцияның/мәміленің немесе мәміле бойынша міндеттеменің бір тарабы халықаралық ұйыммен немесе шетел мемлекетімен анықталған тіркелген/елде жүрген ақшаны жылыстату және терроризмді қаржыландыру айтарлықтай қауіп бар тұлға болып табылатын болса немесе бұл операцияны/мәмілені орындауда бұндай тұлға қатысатын болса;

4) егер Клиент орындаған операцияларды зерттеу барысында операциялар қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) мақсатында жасалып жатқандығы туралы күмән болса;

5) Клиент қажетті құжаттар мен ақпаратты, сондай-ақ клиенттің мәліметтерін/жеке мәліметтерін жинақтауға, өңдеуге және оларды АҚШ Салық Қызметіне (Internal Revenue Service) беруге өз рұқсатын беруден бас тартқан жағдайда, Foreign Account Tax Compliance Act (бұдан әрі - FATCA) талаптарына сәйкес, сонымен қатар Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдары арқылы;

5-1) егер Банк Банктің қызметін қозғайтын Қазақстан Республикасы мен шет мемлекеттер заңнамасының, жария болып табылатын Банктің және корреспондент Банктің ішкі рәсімдері мен шарттарының талаптары бұзылған немесе бұзылуы мүмкін деп есептеген жағдайда, сондай-ақ қолданысы Банкке және Клиентке (оның ішінде, бірақ онымен шектелмей, операция түріне, Клиенттің тіркелген және (немесе) орналасқан елімен, сондай-ақ осы елдерге немесе осы елдерден жүргізілетін төлемдермен байланысты) таралатын кез келген елдің, халықаралық ұйымның юрисдикциясына сәйкес санкциялар болған жағдайда;

6) Салымшыға қатысты оның қызметін заңсыз деп тану туралы сотқа дейінгі/соттың іс қарауы жүргізіліп жатқандығын көрсететін жағдайлар болған жағдайда, сонымен қатар Банкке және оның қызметіне зиян келтіруі мүмкін басқа жағдайларда; мұндай жабылуға Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес рұқсат етілмеген жағдайларын қоспағанда.

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Шартта қарастырылған басқа құқықтарын жүзеге асырады.

5.1.19. Біржақты тәртіпте карточка арқылы орындалатын, Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін төлем сомасына шектеулер белгілеуге Қазақстан.

5.1.20. Банк санкцияланбаған карточканың пайдаланылуын болдырмау мақсатында, сондай-ақ Интернет, пошталы-телефондық тапсырыстар, өзге виртуалды төлемдер арқылы (бұдан әрі виртуалды төлем) карточканың деректемелерін пайдаланумен тауарлар мен қызметтерге төлем жүргізу бойынша қолма-қол ақшасыз төлемді жүргізу мүмкіндігін жабу түріндегі шектеуді белгілейді.

5.1.21. Төлем құжаттары тиісті түрде ресімделмеген жағдайда, Клиенттен Банктік шоттарға қолма-қол ақшасыз төлем түрінде келіп түскен ақшаны есептемеуге.

5.1.22. Карточкалар бұғатталған кезде, олардың әрекет ету мерзімі аяқталған жағдайда, Карточканың қолданылуымен Банктік шоттар бойынша операцияларды (қолма-қол ақша шешу, тауарлар мен қызметтерді және т.б. төлеу, осы Шартта қарастырылған комиссияларды шығынға жазу бойынша операциялардан басқа) тоқтата тұруға.

5.1.23. Клиентке Карточкалық операцияны авторизациялаудан және/немесе банктік шот бойынша шығын операцияларын тоқтата тұру құқығына ие уәкілетті мемлекеттік органдардың өкімдерін, сондай-ақ Клиенттің ақшасына тыйым салу құқығына ие уәкілетті органдардың немесе лауазымдық тұлғалардың шешімдерін және/немесе қаулыларын қоса алғанда, орындалмаған талаптар бар болған кезде Банктік шоттардан ақша шешіп алу бойынша операцияларды жүргізуден бас тартуға.

5.1.24. Клиенттен Шот бойынша операцияларды жүргізу, Банктің валюталық бақылауды жүзеге асыруы, Банктің Қазақстан Республикасы заңнамасының қылмыстық жолмен алынған табыстарды заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру туралы талаптарын сақтауы үшін, сондай-ақ талаптарға (бұдан әрі - FATCA) сәйкес, сонымен қатар Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдары арқылы, клиенттің мәліметтерін/жеке мәліметтерін жинақтауды, өңдеуді және оларды АҚШ Салық Қызметіне (Internal Revenue Service) беруді жүзеге асыру үшін кез келген құжаттар мен ақпаратты сұратуға.

5.1.25. санкция қолданылған/ықпал еткен жағдайда, сондай-ақ Клиент Банкке санкцияның қолданылуы/ықпалы туралы хабардар ету міндетін бұзған жағдайда, онымен іскерлік қарым-қатынасты тоқтатуға, Шартта көзделген тәртіппен кез келген операцияны жүргізуден бас тартуға, тоқтатуға.

5.2. Банк мыналарға міндеттенеді:

5.2.1. Салық органдарын Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған мерзімдерде, Банктік шоттың ашылуы/жабылуы жөнінде хабардар етуге;

- 5.2.2. Банк Карточканың шығарылуын мақұлдаған кезде, Қызмет көрсету күнінде әрекет ететін Тарифтерге сәйкес, өтінішті қабылдап, төлем жүргізгеннен кейін 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде Карточка мен Пин-конвертті (болған жағдайда) олардың Ұстаушысына беруге;
- 5.2.3. Бөлек Карточка шығарудан бас тартқан жағдайда, Клиентті хабардар етуге;
- 5.2.4. Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіп пен мерзімдерде, тиісті деректемелерді көрсете отырып, Банкке келіп түскен ақшаны Банктік шотқа есептеуге;
- 5.2.5. ХТЖ ержелерінде белгіленген мерзімдерде Карточкалық операция бойынша наразылықты қарастыруға;
- 5.2.6. Клиентке Тарифтерге сәйкес, жазбаша сұранымды алу күнінен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде шоттар бойынша қосымша үзінді көшірмелерді ұсынуға;
- 5.2.7. Клиентке жазбаша сұранымды алу күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Мұрағаттық үзінді көшірмелерді ұсынуға;
- 5.2.8. Келесі жағдайларда Карточканы Бұғаттауды жүзеге асыруға:
- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған негіз бойынша, Банктік шотта орналасқан ақшаға тыйым салынғанда;
 - 2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған негіз бойынша, Банктік шот жөнінде шығыс операцияларын тоқтатуға;
 - 3) Клиенттен/Карточканы ұстаушыдан Карточканың жоғалғаны, ұрланғаны және/немесе оны санкциясыз пайдалану жөнінде хабарлама алғанда. Бұл ретте, осы хабарламалар келіп түскен сәттен бастап 2 (екі) сағат ішінде Банк карточканы бұғаттауды жүзеге асырады, Банкке тәуелсіз жағдайлардың (электр қуатының өшуі, Карточкалық жүйенің кідірісі т.б.) пайда болу жағдайларынан басқа. Мұндай жағдайларда Карточканы бұғаттау осындай міндеттемелерді жоюды аяқтағаннан кейін жүзеге асырылады;
- 5.2.9. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес негізде талап еткен, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен көрсетілген тәртіпте және мерзімде Клиенттің және үшінші тұлғаның нұсқауларын орындауға;
- 5.2.10. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, мемлекеттік органдардың Банктік шот бойынша шығын операцияларын тоқтата тұру және/немесе Клиенттің Банктік шотта орналастырылған ақшасына тыйым салу туралы шешімдерін орындауға;
- 5.2.11. Мемлекеттік органдардың Шот бойынша шығын операцияларын тоқтата тұру немесе Клиенттің Шотындағы ақшаға тыйым салу туралы шешімдерінің күшін жою жөніндегі тиісті жазбаша хабарландыруларының негізінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайларда, Шот бойынша шығын операцияларын жаңғыртып, бұдан бұрын тыйым салынған ақшаға Клиенттің иелік ету бойынша құқығын шектемеуге;
- 5.2.12. Үшінші тұлғалардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берген, Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте Шоттан ақша шешіп алу туралы нұсқауларын орындауға.

6. КЛИЕНТТІҢ/КАРТОЧКА ҰСТАУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

6.1. Клиент мыналарға құқылы:

- 6.1.1. Ай сайын Банктік шот бойынша үзінді көшірме алуға;
- 6.1.2. Карточкалық операцияларды Банктің Уәкілетті органы белгілеген Шығындар лимитінің шегінде орындауға;
- 6.1.3. Банкке жазбаша өтініш қалдыра отырып немесе Банктің Байланыс орталығына телефон соғу арқылы Карточка бойынша Карточкалық операциялардың түріне шектеу қоюға және Банк бекіткен лимит шегінде Карточка бойынша белгілі бір кезеңде қол жетімді ең жоғарғы соманы бекітуге;
- 6.1.4. Банкке жаңа Карточкаларды шығару туралы өтінішімен жүгінуге.
- 6.1.5. Карточканы бұғаттау туралы өтініш және басқа даулы мәселелер жазылған Клиенттің телефон хабарламасын орындауға келісімін береді.
- 6.1.6. Ашық каналдар, соның ішінде SMS, e-mail, факс, телефон және т.б. Банктің қауіпсіздік жүйесімен қорғалмағандықтан, Карточка ұстаушы аталған байланыс каналдары арқылы сұраныс жіберген немесе мәліметтерді аталған байланыс каналдары бойынша жолдау туралы тапсырма берген жағдайда Клиент үшінші тұлғалардың ашық каналдарға қолжетімділік тәуекелін өз мойнына алады.
- 6.1.7. Заңнамада немесе осы Шартта қарастырылған басқа құқықтарды жүзеге асыру.

6.2. Клиент мыналарға міндеттенеді:

- 6.2.1. Осы Шарттың барлық шарттарын сақтауға және оған қоса Карточка ұстаушысының Шарт талаптарының сақталуын қамтамасыз етуге.
- 6.2.2. Банк банктік шоттарды ашу үшін, Карточкаларды шығару үшін қажетті деп белгіленген құжаттардың Банкке берілуін қамтамасыз етуге.
- 6.2.3. Осы Шарттың талаптарына сәйкес Банктік шот(-тар) бойынша шығарылған Карточкалардың барлығының қолданылуы үшін Банк алдында толық жауапты болуға.
- 6.2.4. Банкке бірінші басшының, бас бухгалтерінің және Клиенттің бұндай қызметкерлерінің тізімін куәландыруға және Банкке ұсынуға, шот бойынша үзінді көшірмелерді алуға және Карточка ұстаушыларға банктік қызмет көрсетуге байланысты Банкпен байланысты ұстау уәкілеттігі бар басқа жауапты тұлғалардың қолтаңбаларының үлгісін беруге.
- 6.2.5. Клиенттің Банктік шотына есептеу үшін ақшаны аудару кезінде Банкке төлем нұсқаулығын беруге;
- 6.2.6. Клиенттің немесе Банктің бастамасымен Карточканы жою кезінде Карточканың Банкке қайтарылуын қамтамасыз етуге;
- 6.2.7. Карточканы Банкке тапсырғанға дейін Карточка ұстаушысының Банктік шот бойынша ақша жұмсауын қадағалау;
- 6.2.8. Банк қызметін Тарифтерге және осы Шартқа сәйкес төлеуге;
- 6.2.9. Карточканы қолдану арқылы ақшаның шығындалуын қадағалауға және Техникалық овердрафт туындау

жағдайларын болдырмауға.

6.2.10. Жол берілген Техникалық овердрафтты шұғыл өтеу үшін барлық шараларды қолдануға. Клиенттің Техникалық Овердрафтқа жол берген әр оқиғасы Шарт талаптарын айтарлықтай бұзу болып саналады және Шартты бұзуға әкеліп соқтыруы мүмкін. Банктік шотта ақша болмаған/жеткіліксіз болған жағдайда, Клиент жоғарыда көрсетілген мерзімде банктік шотта туындаған техникалық овердрафтты өтеу үшін қажетті соманың болуын қамтамасыз етуге міндетті;

6.2.11. Карточка ұстаушысының кінәсінен туындаған немесе жоғалған Карточканы бұғаттауға және/немесе алуға байланысты шығындарды Банк Тарифтеріне сәйкес өтеуге;

6.2.12. Салық органдарымен барлық есеп айырысуды өз бетінше жүргізуге;

6.2.13. Банктік шоттан қателесіп ақша алынғанын және/немесе Банктік шотқа қателесіп ақша аударылғанын байқаған жағдайда және/немесе карточка арқылы банкоматтан/өзіне өзі қызмет көрсету терминалынан/POS-терминалдан қателесіп Карточка ұстаушы сұратқан және банкоматтың бақылау чегінде көрсетілген сомадан артық ақша алынған жағдайда (бұндай қате есептелуінің / алынуының себебіне байланыссыз), оны байқаған күннен кейінгі Банктік күннен кешіктірмей бұл туралы Банкке жазбаша хабарлауға.

6.2.14. Карточка ұстаушысы карточканы қолданудан бас тартқан/жұмыстан босатылған жағдайда, тез арада Банкке хабарлауға және Карточканы Банкке қайтаруға. Жұмыстан босатылған қызметкердің Карточкасын қайтару мүмкін болмаған жағдайда, Клиент Карточканы бұғаттау құнын Тарифтерге сәйкес төлейді және осыған байланысты туындауы мүмкін шығындар бойынша жауапкершілік көтереді.

6.2.15. Карточканы жоғалтқандығы, ұрлатқандығы, оның әрекет ету мерзімінің аяқталғандығы туралы немесе оны уәкілетсіз тұлғаның қолданғандығы туралы бұндай оқиға болғаннан кейін тез арада Банкке хабарлауға.

6.2.16. ПИН-кодты, CVV2 /CVC2-кодты, 3D Secure-кодты терумен немесе Карточка ұстаушысының қолтаңбасымен куәландырылып, Карточканы қолданумен Банктік шот бойынша операциялар жүргізуге, егер оны жүргізгенге дейін Карточканы бұғаттау орындалмаған болса;

6.2.17. Келісімшарттар (шарттар) негізінде Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы тауарды өткізу қарастырылған экспорттық-импорттық операциялар, сонымен қатар Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарымен лицензиялауға жататын валюталық операциялар бойынша Карточканы қолдану арқылы төлемдерді жүзеге асырмауға.

6.2.18. Банктің талабы бойынша Банктің тиісті талабын алған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде валюталық төлемдер бойынша растау құжаттарын ұсынуға.

6.2.19. нәтижесінде Клиенттің банктік шотына негізсіз ақша аударылған қателік дерегін анықтаған жағдайда Клиент аталған деректі анықтаған сәттен бастап немесе Банктен қателесіп аударылған ақшаны қайтару туралы тиісті талапты алған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күннен кешіктірмей банктік шотына қателесіп аударылған ақшаны толық көлемде Банкке қайтаруға;

6.2.20. Осы Шартта қарастырылған негіздемелер бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәсілдермен Банктік шоттан акцептісіз ақша алуға кедергі келтірмеуге.

6.2.21. Карточканы Карточка ұстаушысынан басқа үшінші тұлғаларға бермеуге. Бұл шартты бұзу Карточканы кері қайтарып алуға, Банктің осы Шартты бір жақты тәртіпте бұзуына және Клиенттің Банкке барлық келтірілген залалдарын (шығындарын) өтеуіне әкеп соқтырады.

6.2.22. Өз Карточкасының сақталуы, сонымен қатар оның деректемелерінің (Ұстаушының аты-жөні, карточка нөмірі, Карточканың қолданылу мерзімі, CVV2/CVC2-коды, 3D Secure-коды) құпия сақталуы үшін толық көлемде жауапты болуға.

6.2.23. Карточканы жоғалтқан, ұрлатқан және/немесе Карточканы оның Ұстаушысы болып табылмайтын тұлғаның қолдануы жағдайында, сонымен қатар ПИН коды ашықталған жағдайда тез арада Карточканы бұғаттау туралы ауызша немесе жазбаша өтінішімен Банкке хабарласуға. Осы тармақта белгіленген мерзімде Банкпен хабарласу мүмкін болмаған жағдайда тиісті Төлем жүйесінің кез келген мүше-Банкіне хабарласуға. Карточканы шетелде жоғалтқан жағдайда Карточка бұғатталады және Карточка ұстаушысы Қазақстан Республикасына оралған кезде қайта шығарылады.

6.2.24. келесілерді қоса алғанда, бірақ шектелмей расталған карточкалық операциялар бойынша шартсыз есеп айырысу: ПИН-кодты (карточкалық операцияны жүргізу кезінде ПИН-кодты енгізу талап етілген жағдайда), CVV2/CVC2-кодты, VerifiedbyVisa / MasterCard SecureCode дұрыс терумен немесе Карточка ұстаушысының қолтаңбасымен, соның ішінде жанасусыз төлем технологиясы арқылы карточканы қолдану арқылы жүргізілген, Шарт талаптарына сәйкес, және/немесе 3D Secure/SecureCode дұрыс құпиясөзін терумен расталған және/немесе Интернет желісінде карточкалық операцияларды орындау кезінде карточка деректемелерін көрсету арқылы жүргізілген, егер оны жүзеге асырғанға дейін бұғаттау туралы өтініш негізінде карточка бұғатталмаған немесе күшін жойған болмаса.

6.2.25. 5 (бес) жұмыс күні ішінде Банкке өзінің деректемелерінің және/немесе орналасқан жерінің өзгергендігі туралы хабарлауға.

6.2.26. даулы Карточкалық операциялар бойынша наразылықтарды операция жүргізілген күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Банкке жолдауға. Олай болмаған жағдайда, орындалған Карточкалық операция расталған болып саналады және кейінгі наразылықтар Банкпен Клиентке келтірілген шығындарын өтеусіз қанағаттандырылмауы мүмкін. Назылық дәлелденген жағдайда Банк ақшаны Банктік шотқа қайтарады. Банкке келіп түскен наразылықты реттегенге дейін Банктік шоттан бұрын шығарылған ақша қайтарылмайды.

6.2.27. Банкке валюталық бақылауды жүзеге асыру, Қазақстан Республикасының Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңының талаптарын сақтау мақсатында сұратылған құжаттарды беруге, сонымен қатар FATCA талаптарын сақтауға.

6.2.28. Банкке кідіртпей (үш күнтізбелік күн ішінде), Банк жүргізетін Карточкалық операцияларға ықпал етуі мүмкін барлық өзгерістер туралы, соның ішінде, бірақ онымен шектеліп қана қоймай, Клиенттің атауының, оның мекенжайының өзгеруі туралы, Шотқа өкімдік етуге құқығы бар тұлғалардың өзгергені туралы, өзгерістерді растайтын құжаттардың түпнұсқасын ұсына отырып, жазбаша хабарлауға. Олай болмаған жағдайда Карточкалық операцияларды жүргізуге ықпал ететін, болған өзгерістер туралы ақпараттардың онда болмау кезінде жасаған әрекеттері (әрекетсіздіктері) үшін Банк жауапкершілік көтермейді;

6.2.29. Карточканы Карточкалар бойынша алаяқтық дәрежесі жоғары елдерде қолданған соң Клиент Карточканы бұндай елдерде қолдану тоқтатылған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде Банкке Карточканы қайта шығару үшін хабарласуға міндетті. Аталған талапты орындамаған жағдайда және соған байланысты Карточканы рұқсатсыз пайдалану оқиғасы туындаған жағдайда, Банктің барлық шығынын, сонымен қатар Банкке келтірілген зардапты Карточканы ұстаушы шартсыз тәртіпте өтейді. Бұл ретте аталған талапты орындамауы салдарынан Клиентке келтірілген зардапты Банк өтемейді.

6.2.30. Шоттарды басқа тұлғалардан қылмыстық жолмен алынған ақшаны аудару үшін қолданбауға.

6.2.31. (Шарт жасасу кезінде де, болашақта да) оның өкіліне, бенефициарлық меншік иесіне немесе басқару құрылымындағы, меншігіндегі басқа қатысушыларына, сондай-ақ онымен бір тұлғалар тобына кіретін тұлғаларға, контрагенттерге қандай да бір шектеулер немесе шаралар қолданылмайтынын, сондай-ақ әрекеті жоғарыда көрсетілген тұлғаларға, сонымен қатар Банкке қолданылатын кез келген елдің, халықаралық ұйымның юрисдикциясына сәйкес ешқандай санкциялар тізіміне (бұдан әрі - Санкциялар) кірмейтінін растауға;

6.2.32. Егер Шарттың қолданылу кезеңінде кез келген уақытта оған жоғарыда көрсетілген тармаққа сәйкес Санкциялардың қолданылғаны/ықпалы туралы белгілі болса, бұл туралы Банкке дереу, бірақ бұл туралы білген немесе білу керек болған күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде хабарлауға міндетті. Санкция қолданылған/ықпал еткен жағдайда, сондай-ақ Клиент Банкке Санкцияның қолданылуы/ықпалы туралы хабардар ету міндетін бұзған жағдайда, Банк онымен іскерлік қарым-қатынасты тоқтатуға, Шартта көзделген тәртіппен кез келген операцияны жүргізуден бас тартуға, тоқтатуға құқылы;

6.2.33. нұсқауларды жібермеуге немесе Санкцияларды айналып өтуге бағытталған операцияларды жүргізбеуге. Егер осы Шарт бойынша қандай да бір нұсқау немесе операция, Банктің қалауы бойынша, Санкцияларды айналып өтуге бағытталған болса, онда Банк өзі үшін жағымсыз салдарсыз мұндай нұсқауды/операцияны орындаудан/жүргізуден бас тартуға құқылы. Санкцияны айналып өту сонымен қатар, Санкцияны бұза отырып санкцияланған тауарларды жеткізу, төлемдерді жүргізу немесе қаржыландыруды алу үшін делдалдық құрылымдарды құру білдіреді.

6.3. Карточка ұстаушы Клиент берген өкілеттік шегінде құқылы:

6.3.1. қолданылатын (қажетті) жағдайларда белгіленген лимит шегінде Карточканы пайдалану арқылы Клиенттің банктік шотындағы ақшаға иелік етуге;

6.3.2. қолданылатын (қажетті) жағдайларда белгіленген лимит шегінде Карточкаларды шығару және қызмет көрсету шегінде Банкке келесі өтініштерді ұсынуға:

- CVV2/CVC2-кодты, 3D Secure-кодты тексеруді ажырату/қосу туралы;
- басқа ЕДБ желісінде (соның ішінде шетелде) Карточканың магнитті жолағынан (чипті оқусыз) ақпаратты оқыған жағдайда банкоматтар мен POS-терминалдарда операцияларды жүргізуге;

- Карточканы бұғаттауға/бұғаттаудан алуға;

- Карточканы іске қосуға;

- интернет-операциялар бойынша лимитті өзгерту/орнату/күшін жою туралы;

- Карточка шегінде шоттан ақшаны шығындаудың жалпы тәуліктік лимитін өзгерту/күшін жою туралы;

- АТМ-де қолма-қол ақша беру лимитін өзгерту/орнату/күшін жою туралы;

- POS – терминалдардағы қолма-қол ақшасыз операциялар бойынша лимитті өзгерту/орнату/күшін жою туралы;

- қауіпті елдерде Карточка шегінде операция саны бойынша лимитті өзгерту/орнату/күшін жою туралы;

- СМС-хабарлама сервисінде телефон нөмірін қосу/ажырату/ауыстыру туралы;

- ПИН-кодты қате теру есептегіш лимитін жою туралы;

- динамикалық аутентификация қате құпиясөзін есептегішін жою туралы.

6.3.3. Карточканы пайдалану арқылы операциялар бойынша Банктен үзінді көшірме алу.

6.3.4. Банктің Байланыс орталығына келесі сұрақтар бойынша хабарласуға:

- Карточка шегінде Банктік шоттағы ақша қалдығы бойынша ақпарат алу;

- CVV2/CVC2-кодты, 3D Secure-кодты тексеруді ажырату/қосу;

- Карточканы бұғаттау;

- Карточканы іске қосу;

- интернет-операциялар бойынша лимитті өзгерту/орнату/күшін жою;

- Карточканы пайдаланып банктік шоттан ақшаны шығындаудың жалпы тәуліктік лимитін өзгерту/күшін жою;

- қолма-қол ақша беру лимитін өзгерту/орнату/күшін жою, соның ішінде қауіпті елдерде;

- POS – терминалдардағы қолма-қол ақшасыз операциялар бойынша лимитті өзгерту/орнату/күшін жою;

- қауіпті елдерде Карточка шегінде операция саны бойынша лимитті өзгерту/орнату/күшін жою;

- СМС-хабарлама сервисінде телефон нөмірін қосу/ажырату/ауыстыру;

- ПИН-кодты қате теру есептегіші бойынша лимитті жою;

- динамикалық аутентификация қате құпиясөзін есептегішін жою.

7. ЖАУАПКЕРШІЛІК

7.1. Банк мыналар үшін жауапкершілік көтереді:

7.1.1. осы Шартпен және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен қарастырылған жағдайлардан басқа банктік құпияны жариялау;

7.1.2. Банктің кінәсі бойынша Карточкалық операциялар қате жүргізілгенде. Бұл жағдайдағы Банктің жауапкершілігі тек қате жасалған операцияны түзетумен және Банк Банктік шоттан шығынға жазылған ақша сомасын қайтарумен шектеледі;

7.1.3. Банкке Клиенттің пайдасына келіп түскен ақшаның Банктік шотқа жіберілмей кешіктірілуіне, кешіктірілген әр Банктік күн үшін, уақытылы түспеген соманың 0,01% көлемінде тек тұрақсыздық айыбын төлеу арқылы, бірақ залал емес, Банк

міндеттемелерді тиісті түрде орындамаған күнін алып тастағанда, бірақ қалай болғанда да көрсетілген соманың 5%-нан аспайтындай;

7.1.4. Шарттың талаптарын бұзғаны үшін жауапты.

7.2. Банк мыналар үшін жауапкершілік көтермейді:

- 7.2.1. Банктің осы Шарттың талаптарын орындауына кедергі жасаған үшінші бір тұлғалардың әрекеттері мен әрекетсіздіктерінде, егер Банк осы Шарт талаптарының орындалуы үшін қажетті барлық шараларды қолданған болса;
- 7.2.2. Карточкаға қызмет көрсетуден үшінші бір тараптың бас тартқан жағдайында;
- 7.2.3. Карточка бойынша алынған тауарлар мен қызметтердің сапасына;
- 7.2.4. үшінші тарап белгілеген, Ұйымның мүдделеріне әсерін тигізетін, лимиттер, шектеулер және/немесе қосымша сыйақылар;
- 7.2.5. Клиент пен қосымша карточка ұстаушысы арасындағы даулар мен келіспеушіліктерді реттеуде;
- 7.2.6. Клиенттің Банкке Карточканың әрекетінің тоқтатылуы туралы уақытылы хабарламаған жағдайында;
- 7.2.7. Клиенттің осы Шарттың талаптарына сәйкес Карточканы қайта шығару немесе оның Күшін жою туралы өтінішті уақытылы бермеген жағдайында, Банктік шотқа қызмет көрсетілудің жылдық құны төленеді;
- 7.2.8. осы Шарттың талаптарына сәйкес Банктік шот бойынша тоқтатылған операциялар нәтижесінде Клиентке келген шығынға.
- 7.2.9. Карточканы қолдану қызметтерін пайдалануға байланысты пайда болған «Интернет» электрондық желісіндегі техникалық ақаулар және басқа да салдары үшін;
- 7.2.10. банкоматтарда және басқа да электрондық – механикалық құрылғыларда пайдалану нәтижесінде Карточкаға келтірген зақымдар үшін;
- 7.2.11. жоғалған/ұрланған Карточканы бұғаттау себебінен Карточка ұстаушының нұсқауы бойынша Карточка деректемелерін Тоқтатым-парағына енгізу немесе Карточка деректемелерін Тоқтатым-парағына енгізбей жоғалған/ұрланған Карточканы санкцияланбаған пайдалану салдары үшін, әлемнің белгілі бір өңіріндегі эквайер құрылғылары үшін жарамды;
- 7.2.12. Интернет, пошта және/немесе телефон тапсырыстары арқылы төлемді жүзеге асыру кезінде Карточканы (оның деректемелерін) санкцияланбаған пайдалану салдары үшін;
- 7.2.13. Банк Карточка (оның деректемелері) бойынша бекіткен лимитті Клиенттің алуы/өзгертуі салдарынан пайда болған Карточканы санкцияланбаған пайдалану салдары үшін, соның ішінде CVV2/CVC2-кодты, 3D Secure-кодты тексеруді жабу және магниттік жолақ бойынша операцияларды өткізуді ашу себебінен;
- 7.2.14. Клиенттің шектеуді бұзуы – карточка бойынша физикалық ортада (карточканың тікелей қатысуымен, бірақ виртуалды төлем белгісі бар) виртуалды төлемдерді және карточкалық операцияларды жүргізуге мүмкіндікті ашу себебінен карточканы рұқсатсыз пайдалану салдарына жауап бермейді.

7.3. Клиент мыналар үшін жауапкершілік көтереді:

- 7.3.1. Банкке Карточканы Тежеу туралы талаппен жүгінуді уақытында жүргізбеген салдарын – Банкке келдірген шығынды толық көлемде;
- 7.3.2. Банктің шотқа қателесіп есептелген ақшаны Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес Банкке қайтару туралы Банктің талабын орындамаған және/немесе тиісті түрде орындамағанда;
- 7.3.3. егер Клиенттің және/немесе Карточка ұстаушының әрекет етуі және/немесе әрекет етпеуінен рұқсат етілмеген Карточкалық операцияның жүргізілуіне әкелсе, Банктің көрсеткен қызметі құнын есепке алумен рұқсат етілмеген Карточкалық операцияның сомасындағы рұқсат етілмеген операцияның рұқсат етілмеген Карточкалық операция үшін;
- 7.3.4. Клиенттің және/немесе Карточка ұстаушының Шарттың талаптарын бұзғанда;
- 7.3.5. Шарт бойынша Банк алдандағы ақшалай міндеттемелерін бұзғанда, әрбір мерзімі өткен Жұмыс күні үшін бұзылған ақшалай міндеттеменің мөлшерінен 0,01% мөлшерінде өсімақы, Шарт бойынша орындау мерзімі жоқ ақшалай міндеттемені бұзғанда – егер Банктің Тарифтерінде басқадай көрсетілмесе, ақшалай міндеттеменің көлемінен 5% мөлшерде айыппұлды төлейді.
- 7.3.6. Банк Карточка (оның деректемелері) бойынша бекіткен лимитті Клиенттің алуы/өзгертуі салдарынан пайда болған Карточканы санкцияланбаған пайдалану салдары үшін, соның ішінде CVV2/CVC2-кодты, 3D Secure-кодты тексеруді жабу және магниттік жолақ бойынша операцияларды өткізуді ашу себебінен;
- 7.3.7. 3D Secure/SecureCode құпиясөзді дұрыс тергендігін растаумен, ПИН-кодты, CVV2/CVC2-кодты, пайдалану арқылы Банктің карточкалары және/немесе оның деректемелері бойынша рұқсат етілмеген операциялардың, соның ішінде жиі орындалатын төлемдер бойынша салдары үшін;
- 7.3.8. Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлерге шығар алдында Банк сайтындағы Карточкалар бойынша алаяқтық қаупінің деңгейі жоғары елдердің тізімімен танысуға, Карточка бойынша лимитті алу/өзгерту қажет болған жағдайда Банкке телефон шалуға немесе жазбаша жүгінуге, ал ұзақ мерзімге шығар кезде Банкке қажетті мәліметтерді (елде болу мерзімі, баратын ел) және Банктің Клиентпен байланыста болуы үшін қажетті байланыс телефонын беруге;
- 7.3.9. Карточкалар бойынша алаяқтық қаупінің деңгейі жоғары елдерде болған соң Қазақстан Республикасына келген күннен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде Банк тарифтеріне сәйкес Карточканы блоктау және қайта шығару/жаңасына ауыстыру мақсатында Банкке жүгінуге. Аталған талапты орындамаған жағдайда және осыған байланысты осы Карточка бойынша алаяқтық операциялар туындаған жағдайда, Банктің барлық шығынын Карточканы ұстаушы шартсыз тәртіпте, Банктің Карточканы ұстаушыға жолдаған жазбаша талабында көрсетілген мерзім ішінде өтейді.
- 7.3.10. Тараптар Қазақстан Республикасы заңнамасына және шартқа сәйкес өздерінің міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісті түрде орындамағаны үшін жауапкершілік көтереді.

7.3.11. Банктің Шарт бойынша жауапкершілігі тұрақсыздық айыбын төлеумен шектеледі, бұл ретте Клиентке шығындары қайтарылмайды.

8. БАНКТІК ШОТТАРДАҒЫ АҚША ҚАЛДЫҚТАРЫН ҚАЙТАРУ БОЙЫНША МІНДЕТТІ КЕПІЛДІК²

8.1 Банк осы арқылы Клиентке депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне өзінің қатысуы туралы хабарлайды, бұл «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ (бұдан әрі – ҚДКБК) берген 2015 жылғы 02 наурыздағы №17 куәлікпен расталады.

8.2. Барлық банктік операцияны жүргізуге арналған лицензиясынан айырылған жағдайда Банктің шоттағы ақша қалдықтарын қайтару бойынша міндеттемелері Қазақстан Республикасының депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы заңнамасына сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беру объектісі болып табылады.

8.3. Қазақстан Республикасының депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы заңнамасында көзделген шот бойынша кепілдік өтемді төлеу мерзімдері мен тәртібі туралы, оның ішінде депозитпен міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның ерікті зейнетақы жарналарын есепке алу үшін өтеудің талап етілмеген сомасын Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасында көзделген тәртіпте ашылған жеке зейнетақы шотына аударуы туралы, Қазақстан Республикасының депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы заңнамасының талаптарын орындау үшін Клиентті осындай ақпараттандыру туралы ақпарат Банктің www.forte.kz ресми сайтында орналастырылған.

8.4. Қазақстан Республикасының депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы заңнамасының өзгеруіне және ҚДКБК енгізетін өзгерістерге байланысты кепілдік беру талаптары өзгерген жағдайда Банк Шартқа қабылданған кепілдік беру талаптарын қолдануға құқылы.

9. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ ЖАҒДАЙЛАРЫ

9.1. Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттерін орындамағаны және/немесе тиісті түрде орындамағаны үшін өз жауапкершіліктерінен босатылады, егер де орындамаған және/немесе тиісті түрде орындамаған міндеттері еңсерілмейтін күш жағдайларының салдарынан мүмкін емес болған жағдайда, келесілерді қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей: табиғи апат, әскери әрекеттер, азаматтық тәртіпсіздіктер, Қазақстан Республикасының заң және/немесе атқарушы билік органдарының, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің оның салдарынан Шарт бойынша міндеттемені уақытында орындау мүмкін болмайтын, тікелей Шарт мәніне қатысты қызметке тыйым салатын немесе шектеу қоятын әрекеттері, жұмысқа қабілетсіздік, алшақтан банк қызметін көрсету жүйесінің/алшақтан басқарылатын басқа жүйелердің жұмысындағы ақаулар және қателіктер, алшақтан банк қызметін көрсету жүйесінің/алшақтан басқарылатын басқа жүйелердің жұмысын қамтамасыз ететін байланыс желісінің зақымдануы және оларды Тараптар алдын-ала көре алмаған және олар Тараптардың өз міндеттерін осы шарт бойынша орындауға немесе тиісті орындауға әсерін тигізген басқа да еңсерілмейтін күш жағдайлары. Тараптар кез келген Тараптың әдейі жасалған әрекетінен және/немесе әрекетсіздігінен жасалған кез келген немқұрайлылық Форс-мажор жағдайы болып табылмайтығына келіседі.

9.2. Форс-мажор жағдайы болған кезде осыған қатысты Тарап осы жағдайдан бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде екінші Тарапты осы Шарт бойынша өз міндеттерінің орындай алмауының себебі туралы жазбаша хабардар етуге міндетті. Бұл жағдайда осы Шарт бойынша міндеттерін орындау мерзімдері форс-мажор салдарына қатысты әрекеттері осы салдардың әрекеттерінің уақыт өлшеміне қарай кейінге шегеріледі.

9.3. Кәсіпкерлердің Ұлттық Палатасы немесе өзге құзыретті органдары берген құжаттар көрсетілген жағдайлар мен олардың әрекет ету мерзімдерін расстауға жеткілікті болып табылады.

9.4. Хабарламау немесе уақытында хабарламау Тарапты міндеттемелерді орындамағаны үшін жауапкершіліктен босататын негіз ретінде жоғарыда аталған еңсерілмейтін күш жағдайларының кез келгеніне сілтеме жасау құқығынан айырады, осындай хабарламау немесе уақытында хабарламау тікелей Форс-мажордың тиісті жағдайымен туындаған жағдайдан басқа.

9.5. Егер осы Шарт бойынша форс-мажор салдарынан шыққан міндеттерін орындау кідірісі 30 (отыз) күннен артық болса, Банк Клиентті жазбаша хабардар ете отырып, осы Шартты біржақты тәртіпте бұзуға құқылы. Сонымен бірге Тараптар кем дегенде 5 (бес) банктік күн ішінде осы Шартты бұзу күніне дейін барлық ішкі есеп айырысуды жүргізуге міндеттенеді (соның ішінде Клиент осы шарттың тармағында көрсетілгендей Банкке осы Шарт бойынша Берешек сомасын толық көлемде қайтаруға міндеттенеді).

10. ҚОСЫМША ТАЛАПТАР

10.1. Клиент Шартқа қол қою кезінде Тарифтермен танысқандығын және олармен келіскендігін растайды.

10.2. Клиент осы Шартқа қол қоя отырып, Банкке Клиенттің шотынан, сондай-ақ Клиенттің Банкте ашылған кез келген банктік шоттарынан ақцептсіз және шартсыз тәртіпте ақшаны Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәсілдермен, мынадай жағдайларда алуға өзінің шартсыз және қайтарып алусыз келісімін береді:

- ақшаны аудару арқылы жүзеге асырылатын рұқсатсыз төлемдер дерегінің белгіленуі;
- жалған төлем құжатының негізінде ақшаны аудару;
- қате нұсқаулықты орындау;
- Банк қателесіп, нәтижесінде негізсіз шотқа ақша аударылған жағдайда;
- Клиенттің осы Шарт бойынша және/немесе оның кез келген басқа ақшалай міндеттемелері бойынша, қандай да бір банктік қызметтерді көрсеткені үшін Банк комиссиясын төлеу бойынша міндеттемелерін қоса алғанда, Банк алдында берешегінің болуы;
- басқа жағдайларда, Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған негіздерде және тәртіпте.

² Аталған тармақтың талаптары тек клиенттерге – жеке кәсіпкерлерге, шаруа (фермер) қожалықтарына, жеке нотариустарға, жеке сот орындаушыларына, адвокаттарға, кәсіби медиаторларға қатысты қолданылады.

10.3. Осы Шарт арқылы, егер басқасы заңнамалық актілерде қарастырылмаған болса, Банктің Клиенттің оған берілген қарызы(-дары)/кредиті(-тері) бойынша Банк алдындағы ақшалай міндеттемесін орындау мақсатында қойылған нұсқауларды сақтау міндеттемесі белгіленеді, Клиенттің шотында бұндай нұсқауды орындау үшін қажетті сома болмаған жағдайда, оларды орындауға жеткілікті ақша сомасы Клиенттің шотына түскенге дейінгі бір жылдың ішінде сақталады.

10.4. Банк кейіннен бұл жөнінде Клиентке хабарлай отырып, Шарт бойынша өз құқықтарын үшінші тұлғаларға беруге құқылы.

10.5. Клиент Шартқа қол қою арқылы Банктің Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауы мақсатында өз келісімін береді:

Клиент жеке тұлға болған жағдайда:

- Банктің forte.kz ресми сайтында орналасқан дербес және өзге де деректерді жинауға және өңдеуге келісім нысаны бойынша Клиенттің деректерін/дербес деректерін жинауға, өңдеуге және оның мазмұнымен танысқанын, түсінетінін және қабылдайтынын растайды, сондай-ақ онда көрсетілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу тәртібімен келіседі.

Клиент заңды тұлға болған жағдайда:

- заңнама талаптарына және/немесе осындай тұлғалармен жасалған келісімдерге сәйкес аталған тұлғалардың міндеттері немесе құқықтары болған кезде немесе мұндай міндеттер мен құқықтар өзге негіздер бойынша туындаған кезде, Клиент туралы ақпаратты/Клиенттің деректерін үшінші тұлғаларға беруге/үшінші тұлғалардан алуға, оның ішінде:

уәкілетті мемлекеттік органдардың; мемлекеттік заңды тұлғаларды, ұлттық басқарушы холдингтерді, ұлттық компанияларды қоса алғанда, заңды тұлғалардың; кредиттік бюролардың; зейнетақы қорының; мемлекеттік деректер қорының операторларының/иелерінің; курьерлік компаниялардың; ұялы байланыс операторларының; Банкке ақпараттық-технологиялық жүргізу бойынша қызметтер көрсететін немесе Банкпен цифрлық және ақпараттық технологиялар қызмет саласындағы өзге де мәмілелері бар тұлғалардың; шетелдік корреспондент Банктердің; FATCA талаптарына сәйкес, оның ішінде автоматтандыру құралдарын, ақпараттық жүйелерді, интернет-ресурстарды, әртүрлі қызметтерді және жоғарыда аталған үшінші тұлғалардың бағдарламалық қамтамасыз етуін пайдалана отырып, АҚШ ішкі кірістер қызметінің (Internal Revenue Service).

- мемлекеттік деректер қоры (бұдан әрі – МДҚ) иелерінің, Сәйкестендіру деректерін өңдеу орталығының, сондай-ақ ресми және заңды көздердің (Қазақстан Республикасының Электрондық үкімет порталы/Электрондық лицензиялау, уәкілетті мемлекеттік органдардың ресми сайттары және басқа да ресми көздер) кредиттік бюроға, оның ішінде МДҚ-дан МДҚ операторларынан/иелерінен алынған Клиенттің деректерін Банкке, кредиттік бюроларға және өзге де ұйымдарға/мекемелерге тікелей немесе үшінші тұлғалар арқылы ұсынуға;

- Клиенттің болашақта болатын және түсетін деректерін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету бойынша қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғаға, кредиттік бюроға және Банкке тікелей немесе үшінші тұлғалар арқылы (кредиттік бюроларды қоса алғанда немесе кредиттік бюролар арқылы) беруге;

- Банктің Банк өнімдері/қызметтері бойынша ұсыныстарды дайындау мақсатында барлық заңды көзден Клиент туралы құпия ақпаратты пайдалана отырып, алдын ала талдау жүргізуіне;

- мәліметтерді және (немесе) құжаттарды мемлекеттік кіріс органына беруге, оның ішінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің талаптарында көзделген белгіленген шекті мөлшерден тыс күнтізбелік ай ішінде қолма-қол ақшаны алу туралы мемлекеттік кіріс органы мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі арасындағы мәліметтер және (немесе) құжаттар алмасуды жүзеге асыру мақсатында;

- Банктің Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен коммерциялық, банктік және Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты ашуына:

а) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда;

б) Банк қызметкерлеріне;

в) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес және негіздер бойынша Банк қызметін тексеруді жүзеге асыратын тұлғаларға;

г) Банк осындай тұлғамен (тұлғалармен) нысанасы контрагенттің Банктен алынған/алып жатқан ақпаратты үшінші тұлғаларға жария етпеу туралы міндеттемелерді қабылдауы болып табылатын келісім (келісімдер) жасасқан жағдайда контрагентке (контрагенттерге).

Егер коммерциялық, банктік және Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпараттың құпиялылығы Клиенттің кінәсінен бұзылған болса немесе құпия ақпарат өзге көздерден үшінші тұлғаларға белгілі болған немесе белгілі болса, Банк жауапты болмайды.

- «Мемлекеттік кредиттік бюро» АҚ (бұдан әрі - Кредиттік бюро): (а) «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ-дан, МДҚ-дан МДҚ операторларынан/иелерінен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету бойынша қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғадан Клиент туралы ақпарат алуға, б) осы тармақтың а)-тармақшасына сәйкес алынған Клиент туралы ақпаратты Банкке беруге;

- «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ, МДҚ иелеріне/операторларына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету бойынша қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғаға: Кредиттік бюро арқылы Клиент туралы ақпаратты Кредиттік бюроға және Банкке беруге;

- болашақта кредиттік бюроларға түсетін және/немесе соңғы ақпарат соңғы ақпаратты алған күннен бастап бес жылдан бұрын алынған деректерді қоса алғанда, кредиттік есепті алушыға кредиттік есепті беруге, сондай-ақ өзге де қызметтерді ұсынуға.

10.6. Шарт бойынша кез келген ақпаратты үшінші тұлғаларға беруді, басып шығаруды немесе жариялауды, тек қана Тараптардың екінші жағы жазбаша келісім бергенде, сондай-ақ Шартта және Қазақстан Республикасы заңнамасында қарастырылған жағдайларда мүмкін болады.

10.7. Клиент осы арқылы болашақта Клиент Банкке шарттар, шарттарға қосымша келісімдер бойынша берген және беруге жататын Дербес деректер субъектілерінің³ дербес деректеріне қатысты, сондай-ақ заңнамаға және (немесе) Банктің ішкі құжаттарына сәйкес осындай дербес деректерді жинау, өңдеу қажеттігі туындаған өзге де жағдайларда Клиент дербес деректер субъектілерінен дербес деректерді жинауға және өңдеуге, дербес деректерді үшінші тұлғаға беруге, оның ішінде Банкке беруге, Банктің дербес деректерді өңдеуіне, дербес деректерді жинауға және өңдеуге және Банктің forte.kz ресми сайтында орналастырылған дербес және өзге де деректерді өңдеуге келісім нысаны бойынша дербес деректерді трансшекаралық беруге алдын ала келісім алды куәландырады.

10.8. Клиент Банктің талабы бойынша Клиент дербес деректер субъектілерінен жинаған дербес деректерді жинауға және өңдеуге, дербес деректерді үшінші тұлғаға, оның ішінде Банкке беруге келісімдерінің бар-жоғын құжаттамалық растауды Банкке ұсынады, ал келісімдердің бар-жоғын құжаттамалық растау мүмкін болмаған кезде осындай келісімдерді жинап, кейін Банкке оларды алғанын растайды.

10.9. Дербес деректерді жинауға және өңдеуге, дербес деректерді үшінші тұлғаға, оның ішінде Банкке беруге, Банктің дербес деректерді өңдеуіне келісімдердің болмауы үшін жауапкершілік Клиентке жүктеледі. Банкке Дербес деректер туралы заңнаманы бұзғаны үшін қандай да бір шаралар қолданылған жағдайда Клиент Банктің талабы бойынша Банктің кез келген шығыстары мен залалдарын Банкке өтеуге міндеттенеді.

10.10. Банк:

- Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін рұқсатсыз төлемдерден қорғау іс-әрекеттерін жүзеге асырады;
- Клиенттің қызметкерлерінің/өкілдерінің/уәкілетті тұлғаларының дербес деректерін Қазақстан Республикасының дербес деректерді қорғау мәселелері бойынша заңнамасына қайшы келмейтін тәсілдермен жинауды, өңдеуді және таратуды жүзеге асыруға міндеттенеді;

- Клиенттің қызметкерлерінің/өкілдерінің/уәкілетті тұлғаларының дербес деректеріне қол жеткізу талаптарын өздігінен айқындауға құқылы;

- дербес деректерді оларды өңдеу мақсаттары талап еткен мерзімнен аспайтын мерзімде сақтауға және Қазақстан Республикасының дербес деректерді қорғау мәселелері жөніндегі заңнамасының талаптарын ескере отырып, өңдеу мақсаттарына қол жеткізгеннен кейін оларды жоюға міндеттенеді;

- Шартты орындау шеңберінде дербес деректерді қорғау мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасының өзге де талаптарын орындауға міндеттенеді;

- дербес деректерді жинау, өңдеу және үшінші тұлғаларға беру бойынша жасалатын іс-әрекеттер туралы ешкімді хабардар етуге міндетті емес.

10.11. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, Шарт шеңберінде шетел валютасында төлем қызметін көрсету кезінде Банк белгілеген айырбас бағамы қолданылады.

10.12. Санкцияланбаған төлем қызметі бойынша өтініш немесе Клиенттің басқа да шағымы негізді болған жағдайда, Банк шоттағы операция сомасын қалпына келтіреді және Клиентке шағымды қарау аяқталған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде өзге де құжатпен расталған залалдарды өтейді.

10.13. Банк тараптар белгілеген талаптарға сәйкес Клиенттен ол туралы хабарламаны алғаннан кейін жүзеге асырылған санкцияланбаған төлем қызметіне байланысты залалдарды Шартта белгіленген жағдайларды қоспағанда, мұндай операцияны Клиентке Қазақстан Республикасының заңнамасында жол берілетін тәсілдермен қайтару жолымен жүзеге асырғаны үшін Банктің комиссияларын ескере отырып, санкцияланбаған операция сомасынан аспайтын мөлшерде өтейді.

10.14. Қолма-қол ақша беру бойынша операциялар Қазақстан Республикасының заңнамасымен және/немесе Банктің ішкі құжаттарымен шектелуі мүмкін.

10.15. Банктің Клиенттің банктік шоттары бойынша жүргізілген операциялары туралы ақпаратты телефон байланысы арқылы Клиентке беруі салдарынан пайда болған залалдардың және/немесе өзге де қолайсыз салдардың тәуекелін Клиент көтереді.

10.16. Тараптар Шарт бойынша, оның ішінде рұқсат етілмеген төлем қызметтері бойынша барлық дауды/мәселені, егер Шартта өзгеше көзделмесе, келіссөздер, шағымдарды/хабарламаларды/өтініштерді жазбаша нысанда жіберу жолымен шешеді.

10.17. Шарт шеңберінде жіберілетін барлық мәлімдемелер мен хабарламалар жазбаша нысанда жасалуы тиіс. Егер олар тапсырыс берілген хатпен, факс, телеграф арқылы жіберілсе немесе жеке өзі жеткізілсе, егер таңдалған байланыс арнасы мәлімдеменің/хабарламаның адресатқа жеткізілгені туралы растауды көздесе, олар тиісті түрде жіберілген болып саналады. Шарт бойынша мәлімдемелер Шартта тікелей көзделген жағдайларда ғана өзге тәртіпте жасалуы мүмкін.

11. ШАРТТЫҢ ӘРЕКЕТ ЕТУ МЕРЗІМІ, ӨЗГЕРУ ЖӘНЕ БҰЗЫЛУ ТӘРТІБІ

11.1. Осы Шарт Карточканың қолданылу мерзіміне жасалады және жаңа Карточканың қолданылу мерзіміне ұзартылады. Бұл ретте осы Шарт Клиент Банк алдындағы міндеттемелерін толық орындағанға дейін тоқтатылмайды және Тараптардың ешқайсысы Шарттың мерзімін өткенге дейінгі бір ай бұрын оны бұзу ниеті туралы басқаларға хабарламаған болса мерзімі ұзартылған болып есептеледі.

11.2. Шартқа енгізілетін барлық өзгертулер мен толықтырулар Шарттың 5.1.17. т. көрсетілген тәсілмен енгізілуі тиіс, егер заңнамада басқасы императивті түрде белгіленбесе.

11.3. Клиент Банкке Карточканы/Шотты жабу туралы өтінішпен жүгінуге құқылы.

11.4. Банктің шотқа қатысты орындалмаған талаптары, мүлікке иелік етуге уақытша шектеу қою туралы алынбаған актілер, Шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы уәкілетті мемлекеттік органдардың және (немесе) лауазымды адамдардың шешімдері және (немесе) өкімдері, сондай-ақ Клиенттің Шотындағы ақшаға тыйым салу туралы актілер

³ Дербес деректерді иеленуші жеке тұлға (өкіл, қызметкер, қатысушы/акционер, бенефициарлық меншік иесі, өзге де жеке тұлға)

болмаған кезде, Банк Карточканы/Шотты жабуды, Клиенттің өтінішін алғаннан кейін 32 (отыз екі) күнтізбелік күннен кешіктірілмейтін мерзімде жүзеге асырады.

11.5. Банктің шотқа қатысты орындалмаған талаптары, оның ішінде Клиенттің Банк алдындағы берешегі түріндегі талаптары, мүлікке иелік етуге уақытша шектеу қою туралы алынбаған актілер, Шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы уәкілетті мемлекеттік органдардың және (немесе) лауазымды адамдардың шешімдері және (немесе) өкімдері, сондай-ақ Клиенттің Шотындағы ақшаға тыйым салу туралы актілер болмаған кезде, Банк Карточканы/Шотты жабуды, Клиенттің өтінішін алғаннан кейін 32 (отыз екі) күнтізбелік күннен кешіктірілмейтін мерзімде жүзеге асырады.

11.6. Банк ол туралы Клиентке оны бұзудың жоспарлы күнінен бір айдан кем емес уақыт бұрын хабарлай отырып, осы Шартты бұзуға құқылы.

11.7. Банк осы Шартты бұзған күннен бастап 5 (бес) күннің ішінде Банктік шоттағы ақша қалдығын Клиенттің жазбаша нұсқауына сәйкес оның басқа Банктік шоттарына аударады.

11.8. Шартпен реттелмеген барлық қатынас Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларына сәйкес жүзеге асырылады және реттеледі.

12. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

12.1 Осы Шартты орындау барысында туындайтын барлық даулар/сұрақтар мен келіспеушіліктер, соның ішінде санкцияланбаған төлем қызметтері бойынша, мүмкіндігінше Тараптар арасында келіссөздер жүргізу арқылы шешілетін болады.

12.2 Келісімге келмеген даулар Қазақстан Республикасының соттарында Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіпте шешіледі.

12.3 Тараптар электронды тасымалдағыштардағы операциялар туралы мәліметтерді, Төлем жүйесінен және/немесе Процессингтік орталықтан алынған ақпараттарды, Карточкалы операцияларды орындау кезінде қалыптасқан, сонымен қатар телефон арқылы сөйлесудің дыбыстық жазбаларын дауларды шешу кезінде дәлел ретінде тануға келіседі.

12.4. Банк Карточка ұстаушысы мен Клиент арасындағы Карточка (шот бойынша) арқылы жасалған операцияларға қатысы жоқ, сауда/сервис кәсіпорны мен Карточка ұстаушысы арасындағы барлық дауларға қатыссыз қалады.

12.5. Карточка арқылы сатып алынған тауарды қайтарған (Карточка арқылы төленген қызметтен бас тартқан) жағдайда, Банк болдырылмаған операция сомасын тиісті Банктік шотқа сауда/сервис кәсіпорны Карточкалық жүйе арқылы қайтарған ақшаны олардың Банкке келіп түсу шамасына қарай аудару жолымен қалпына келтіреді.

12.6. Банк немесе Клиент қайта құрылған жағдайда, құқықтық мұрагерге Банктің немесе Клиенттің Шарт бойынша барлық құқықтары мен міндеттері ауысады.

12.7. Тараптардың өздеріне белгілі, бұндай тұлғалардың дербес мәліметтері болып табылатын, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қорғалатын құпияны құрайтын үшінші тұлғалар туралы ақпаратты кез келген түрде беру, ақпаратты беруші Тарап бұндай үшінші тұлғалардан бұндай ақпаратты беруге (өңдеуге, соның ішінде сәйкес мақсатта қолдануға) сәйкес келісімін алғаннан кейін және бұндай келісімде белгіленген көлемде ғана жүргізеді.

Банк:

«ForteBank» АҚ

Мекенжайы: Астана қ-сы, Достық к-сі, 8/1

БСК IRTYKZKA

БСН 990740000683

БЕК – 14

Кор.шоты: «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» ММ-де KZ23125KZT1001300204

Телефондары: +7 (727) 258-40-40, +7 (727) 258-75-75, +7 (7172) 58-75-75, 55575 мобильді телефоннан